дағы
ұзы-

жалдап саясаттың дүлей дауылына төтеп бере алмаса да, білімділігі мен

лімде аталған кейіпкерлер арасындағы айқас немен тынары белгісіз.

Серікбай АЛПЫСҰЛЫ.
ҚАРАҒАНДЫ қаласы.

ара-
етінің
Сер-
шінші
-дың
тысу-
анның
ғалы
ылып
пінен
дары
іптен
ірген
жет-
з.
ЕВА.
рініс-

## Наурыз нақыштары

# Көктемнің көрікті тойы



Көктем – тіршіліктің бастауы, жан-дүниенің оянған кезеңі. Сондықтан, ол –жыл басы, қазақстандықтардың жаңа жыл мейрамы болды.

Адам баласы шат-шадыман қуанышқа кенелтетін осы бір мереке техникалық лицей үшін де аса бір маңызды мейрам.

Әр сынып оқушыларының наурызға мұқият дайындығын көргенде ерекше бір сезімге бөленесің.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері аталған мейрамда оқушыларымен қазақ халқының салт-дәстүрінен көрініс көрсетті. Бұл – нәрестенің дүниеге келуінен бастап, үйлену тойына дейінгі көріністер еді. Жиналған жұртшылық «Бесікке салу» рәсімін жасаған Анастасия Сафронованың ептілігіне риза болды. Жар-жар айтылып, келіннің беті ашылып, жас жұбайлар Рената Гимранова және Рустем Алдангуров әжесінен бата алды. Шашу шашылды.

8-сыныптың ұлдар тобы «Атамекен» әнін нақышына келтіріп орындады. Қазақ тілі пәнінен қалалық олимпиада жүлдегері Никита Ершов қазақ тілінде өлең оқып, жұртты тамсандырды. Өнерлі балалар өз өнерлерін көрсетіп жатты.

Концерттің соңында лицей директоры Е.Ақашев бата берді.

Келесі кезек «Дастарқан» сайысына берілді. Бұл сайыстың шарты бойынша әр сынып оқушылары дастарқан жайды. Қазақтың ұлттық тағамдары туралы сауалдарға қазақша жауап берді. Қолы жеткендер ұлттық киім киіп, қонақтарды шашу шашып қарсы алып, қазақша ән айтып, күй тартып, өнерлерін ортаға салды.

Өзге ұлт өкілдері наурыз көжені білгендерінше жеті түрлі дәм қосып, дайындап әкеліпті. Қазақша шай мен шай құю рәсімін көрсеткен 10-сынып оқушылары әжелерімізден кем түскен жоқ.

Қазы-қарта мен жал-жая да дастарқаннан орын теуіпті.

Білгендерін ортаға салған оқушылар салтанатты көңіл-күйде, мәз-мейрам болды.

**Бақыт АХМАДИЕВА,**
**техникалық лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
ҚАРАҒАНДЫ қаласы.